

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы"
Республикалық мемлекеттік
мекеме



Республиканское государственное
учреждение
«Казахская национальная
консерватория имени
Курмангазы»

Министерства культуры и
информации
Республики Казахстан

ЕРЕЖЕ

ПРАВИЛА

2023 ж. 24 қазан

дата

Алматы қ.

№ ЯВРСО-02-23

г. Алматы

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі
"Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы" РММ
ректорының м.у.а



Әбдірахман. Г.Б
«24» қазан 2023 ж.

ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫНЫҢ СТУДЕНТТЕР ЖАТАҚХАНАСЫНЫҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

Дайындаған:			
Жатақхана жетекшісі		Ахметжанова Т.К	<u>24.10.23</u>
Келісілген:			
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор		Ешмуханов М.А	<u>24.10.23</u>
Сапа менеджменті секторының басшысы		Уразымбетов Д.Д.	<u>24.10.23</u>
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі бас әкімші		Омарұлы. О.	<u>24.10.23</u>
Заң бөлімінің басшысы		Тлегенова О.К.	<u>24.10.23</u>

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ШАРТТАР.....	3
2. БӨЛМЕНІ РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСТЫРУ РЕТІ	3
3. СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНАСЫНЫҢ ЖҰМЫС КЕСТЕСІ МЕН ТӘРТІБІ.....	5
4. СТУДЕНТТЕР ЖАТАҚХАНАСЫНДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ.....	7
5. СТУДЕНТТЕР ЖАТАҚХАНАСЫНАН ШЫҒАРУ СЕБЕПТЕРІ МЕН РЕТІ.....	8
6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	9
7. ӨЗГЕРІСТІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ.....	10
8. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	11

ЕРЕЖЕ	Студенттер жатақханасының ішкі тәртіп ережелері
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	11 беттің 2-ші парағы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы студенттер жатақханасының ішкі тәртіп ережелері мынадай құжаттар негізінде әзірленген:

- 1) Қазақстан Республикасында заңнамалық статусы бар құқықтық-нормативтік актілерге негізделген нормативтік құжаттары, ұлттық, ведомстволық және салалық стандарттар, жоғары тұрған органдардың талаптары;
 - 2) Басқару жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ISO (International Organization for Standardization) Халықаралық стандарттарына сәйкес басқару сапасының менеджменті және консерваторияда еңгізілген басқа да жүйелер;
 - 3) Жалпы консерватория қызметін айқындайтын ішкі нормативтік құжаттар.
2. Бұл ережелер жатақхана тұрғындарының әрбірі орындауға міндетті консерваторияның арнайы нормативтік актісі болып саналады.
3. Консерватория жатақханасының бөлмелері алыс аймақтардан келген күндізгі оқу бөлімінде білім алушы (ары қарай – білім алушылар) бакалавр студенттері мен, магистранттарына уақытша тұратын жер ретінде ұсынылады.
4. Талапкерлерге қабылдау емтихандарын тапсырып жатқан кезеңінде жатақханадан бөлме берілуі міндетті емес, консерватория басшылығы бұл мәселеде бас тартуға құқылы.
5. Осы ережелер, жатақхана қызметіне қатысты бұйрықтар және басқа да ақпараттар жатақхана тұрғындарын ақпараттандыру мақсатында міндетті түрде консерватория сайтына орналастырылуы керек.

2. БӨЛМЕНІ РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСТЫРУ РЕТІ

6. Білім алушыларды жатақханаға орналастыру консерватория ректорының бұйрығы (ары қарай – жатақханаға орналастыру туралы бұйрық), жеке өтініш және студенттер жатақханасынан бөлмені жалға алу келісімшарты (ары қарай – Жалға алу келісімшарты) негізінде жүзеге асырылады. Білім алушымен бөлмені жалға алу келісімшарты жатақханаға орналастыру туралы бұйрық негізінде жасалады.
7. Ректордың жоғары курста білім алушыларды жатақханаға орналастыру жөніндегі бұйрығын «Жатақхана мәселелері бойынша комиссия» білім алушылардың өтініші және келесі курста көшірілгендігі жөніндегі бұйрық негізінде жасалады.
8. Ректордың 1-курста білім алушыларды жатақханаға орналастыру жөніндегі бұйрығын «Жатақхана мәселелері бойынша комиссия» оқуға қабылданғандығы жөніндегі бұйрық және білім алушылардың өтініші негізінде жасалады.
9. Жатақханаға орналастыру туралы бұйрық уақытылы жасалуы үшін білім алушылар жеке өтінішті жыл сайын жатақханадан жазғы демалысқа шығарда толтырады.
10. Бөлмені жалға алу келісімшарты екі данада жасалып, біреуі жатақхана тұрғынында, екіншісі Жатақхана қызметін қамтамасыз ету бөлімінің жетекшісінде (ары қарай – жатақхана жетекшісі) сақталады.
11. Білім алушыларды жатақханаға орналастыруда басымдылық әуелі бакалавриат бойынша грантта оқитын 1 курс студенттеріне, сосын келесі курстардағы грант иегерлеріне, сонымен қоса әлеуметтік осал топтар санатындағы ата-ана қамқорлығынсыз қалған(жетім), мүгедектігі бар және шетел азаматтарына беріледі.

ЕРЕЖЕ	Студенттер жатақханасының ішкі тәртіп ережелері
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	11 беттің 3-ші парағы

Бос орындар қалған жағдайда ақылы негізінде оқитын бакалавр студенттері мен магистранттарға беріледі.

12. Жатақхана тұрғындарына қатысты тәртіптік жаза белгілеу, жалға алу келісімшартын бұзу туралы шешім шығару, білім алушыларды ішкі тәртіп ережелерін бұзу фактілері аясында жатақханадан шығару сынды барлық екіжақты мәселелер, ректор бұйрығы негізінде құрылған «Жатақхана мәселелері бойынша комиссия»-нің құзыретіне жатады. Комиссия шешімін жатақхана тұрғындарының барлығы орындауға міндетті.

13. Жатақханаға орналастыру жұмыстарын жатақхана басшысы кестеге сәйкес жүзеге асырады. Жатақханаға орналастыру кестесі міндетті түрде консерватория сайтына жарияланады.

14. Жатақханаға орналасу үшін білім алушылар төмендегі құжаттарды ұсынулары қажет:

- 1) Жеке куәлік түпнұсқа және көшірме;
- 2) Денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 3) Төлем түбіртегі түпнұсқа және көшірме;
- 4) Жалға алу келісімшарты;
- 5) Арнайы кіру құжаты үшін 3/4 фотосурет;
- 6) Қабылдау-өткізу актісі;
- 7) Жатақхана ережелерімен танысқандығы және арнайы нұсқаулықтан өткендігі туралы жазбаша растау.

15. Қажет жағдайда жатақхана басшысы жатақханада тұру үшін қосымша құжаттарды рәсімдеуді немесе ұсынуды сұрата алады.

16. Бұйрыққа сәйкес барлық тұрғындар уақытша тіркелуге байланысты паспортистке қажетті құжаттарды ұсынулары қажет.

17. Паспортист белгіленген мерзім ішінде арнайы органдарда уақытша тіркеуді рәсімдеуі шарт.

18. Жатақханаға орналасу кезінде білім алушылар жатақхананың осы жалпы ережелерімен, консерватория жатақханасы студенттер кеңесінің ережелерімен, тұрмыстық электр құрылғыларын және радиоаппаратураларды пайдаланудағы қауіпсіздік ережелерімен, жеке тұрмыстық электр құрылғыларын пайдалану тәртібімен және бөлмені босату тәртібімен танысқан болулары шарт. Нұсқаулықты қауіпсіздік техникасының инженері өткізеді.

19. Жатақханада тұру ақысын қаржы-экономика бөлімі белгілеп, ректор бұйрығымен бекітіледі. Студенттер жатақханасында тұру ақысы кассалық-бақылау құрылғылары арқылы банк бөлімшелерінде төленеді.

20. Білім алушылардан жатақханада тұру ақысы тұрған уақыты мен жазғы демалыс кезіне де алынады; демалысқа шыққан уақытта төсек жабдығын пайдаланғаны үшін және қосымша қызмет төлемдері алынбайды.

21. Жалға алу келісімшарты бұзылған жағдайда, студент үш күн ішінде өзі орналасқан жатақхана бөлмесін тап-таза күйінде, қабылдау-өткізу актісінде көрсетілген бөлме ішіндегі барлық бұйымдарды бүтін күйде тапсырып, босатып шығуы керек.

ЕРЕЖЕ	Студенттер жатақханасының ішкі тәртіп ережелері
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	11 беттің 4-ші парағы

22. Егер студенттің жатақханада 4- тәуліктен артық болмайтындай жоспары болса, ол жөнінде жатақхана жетекшісіне жазбаша түрде дәлелді себебін көрсетіп хабар беруі шарт.

23. Егер бөлме қабылдау-өткізу актісіне сәйкес өткізілмесе, келтірілген шығын өтелмесе, бұл шарттан бас тартса, жатақхана басшысына хабар бермей өз еркімен 4-тәуліктен артық уақыт жатақханадан кетсе онда білім алушыға келесі оқу жылында жатақхана бөлмесі берілмейді.

24. Кейбір ерекше жағдайларда ғана білім алушылардың ата-аналарына қысқа мерзімге жатақханаға кіруге рұқсат етіледі.

3. СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНАНЫҢ ЖҰМЫС КЕСТЕСІ МЕН ТӘРТІБІ

25. Жатақхана таңғы 6:00-де ашылып, түнгі 23:00-де жабылады.

26. Студенттік жатақханаларға кіріп-шығуды тәулік бойы қауіпсіздік бөлімінің қызметкерлері жүзеге асырады.

27. Қауіпсіздік бөлімінің қызметкерлерінде қаланың жедел қызметі, жатақхана әкімшілігінің және жатақхана жұмысын бақылайтын бөлімнің телефондары болуы керек.

28. Студенттік жатақханада белгіленген тәртіпті сақтау үшін, жатақхана әкімшілігінің, қауіпсіздік бөлімі қызметкерлерінің, студенттік өзін-өзі басқару мүшелерінің талаптары барлық тұрғындар үшін міндетті болып табылады.

29. Студенттік жатақханаға кіру үшін тұрғындарға электронды карта мен арнайы рұқсат қағаз беріледі. Рұқсат қағаз - студенттердің жатақханаға кіретін негізгі құжаты және оны басқа адамдарға беруге болмайды.

30. Жатақханаға кіріп-шығу әр студенттің электронды картасымен турникет арқылы жүзеге асырылады. Электрондық картаны басқа адамдарға беруге, сондай-ақ картасы жоқ адамдарға жатақханаға кіруге жол берілмейді.

31. 23.00-ден кейін жатақханаға кіруге тыйым салынады. 23:00 мен 6:00 арасында кешігіп келген барлық студенттерді қауіпсіздік бөлімінің қызметкері журналға белгілеп, студенттерден түсініктемелерін жаздырып алдыру тиіс. Егер жұмыс кестесі үнемі бұзылған жағдайда, қауіпсіздік бөлімінің қызметкері аталған студенттерге баянат жазуға, ал кешіккен студент түсініктеме жазуға міндеттеледі.

32. Тұрғындардың қауіпсіздігі үшін түнгі сағат 24:00-ден себепсіз (шұғыл мәселе болмаған жағдайда) кейін жатақханадан шығуға болмайды.

33. Жатақханада тұрмайтын адамдардың кіруіне жол берілмейді. Қонақтар келген жағдайда жатақхана тұрғыны, себеп-салдарын түсіндіріп вахтадан күтіп алуы тиіс.

34. Қызмет бабымен келушілерге, жатақхана қызметінің жетекшісінің рұқсатымен кіруге болады.

35. Жұмыстан тыс уақытта, қызмет бабымен келушілерге алдын-ала жазбаша өтініш негізінде келісім алынады және жатақхана әкімшілігінің немесе консерваторияның қауіпсіздік қызметкерлерімен бірге кіруге ғана рұқсат беріледі.

36. Жатақхананың әр бөлмесінде староста сайланады. Староста тұрғындардың бөлмедегі мүлікке деген ұқыпты қатынасын бақылайды, бөлмені таза және жинақы ұстауларын қадағалайды.

ЕРЕЖЕ	Студенттер жатақханасының ішкі тәртіп ережелері
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	11 беттің 5-ші парағы

37. Старосталар жатақхана тазалығы үшін бөлмелерді жинау кестесін жасайды. Осы кестені сақтау жатақхананың барлық тұрғындары үшін міндетті болып табылады.
38. Тұрғындар тәртіп бұзған жағдайда, жатақхана бастығы тәртіп бұзушылардан түсініктеме алып, профилактикалық жұмыстар жүргізеді. Қажет болған жағдайда тәртіптік жаза қолдану үшін тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректорды хабардар етеді.
39. Тәртіп бұзушылық бірнеше рет қайталанған жағдайда, тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор жатақхана комиссиясының отырысында мәселені қарау үшін қажетті құжаттар жинақтайды.
40. Төтенше жағдай орын алғанда, қауіпсіздік бөлімінің қызметкерлері жатақхана мен консерватория басшылығын хабардар етіп, тұрғындардың кіріп-шығуына шектеу қоюға құқылы.
41. Сағат 23.00-ден кейін жатақханада тыныштықты бұзуға жол берілмейді.
42. Қауіпсіздік қызметкерлеріне, кезекшілерге немесе студенттік өзін-өзі басқару ұйымының мүшелеріне қатысты кез-келген өрескел және әдепсіз әрекеттер осы Ережені бұзу болып саналады.
- 43. Жатақханада тұратын студенттерге тыйым салынатын мәселелер:**
- 1) студенттік жатақхана аумағына алкогольдік және есірткілік заттарды қолдануға, масаң күйде келуге, есірткі және психотроптық заттарды тұтынуға және сатуға, студенттік жатақханаға кіргізуге және спирттік, алкогольді ішімдіктерді, оның ішінде сыраны ішуге үзілді-кесілді тыйым салынады;
 - 2) тұрғын бөлмелерде, жалпы пайдалану орындарында, студенттік жатақхана аумағында темекі, электрондық темекі шегуге тыйым салынады;
 - 3) жатақхана әкімшілігіне әдепсіздік пен құрметсіздік көрсетуге жол берілмейді;
 - 4) өз еркімен мүлікті бір бөлмеден екінші бөлмеге ауыстыруға жол берілмейді;
 - 5) Электр желісін өз бетімен жөндеуді және қайта жасауды;
 - 6) Жатақханада білім алушылардың қалыпты тұру жағдайларын бұзатын, шу мен діріл тудыратын жұмыстарды орындауға, немесе басқа да тыныштықты бұзатын іс-әрекеттер жасауға болмайды;
 - 7) тұрғын бөлменің қабырғаларына және ортақ пайдаланылатын орындарға хабарландырулар мен кестелер, осы мақсат үшін арнайы бөлінген орындардан басқа жапсыруға болмайды;
 - 8) белгіленген тәртіпті бұзып бөгде адамдарды жатақханаға әкелуге, немесе оларды жатақханада түнеуге қалдыруға, оның ішінде өз еріктерімен жатақхананың бөлмелеріне қоныстандыру үшін тұрғын алаң беруге болмайды;
 - 9) Шылымдық тәріздес темекі бұйымдарын, (насвай), кальян, есірткі заттарын, сондай-ақ құрамында алкоголь бар сусындарды таратуға және сақтауға қатаң тыйым салынған;
 - 10) бөлмелерде ашық от көздерін пайдалануға, тез тұтанатын заттарды сақтауға және қолдануға;
 - 11) жатақханада үй жануарларын, оның ішінде балық пен құстарды күтіп-бағуға;
 - 12) бөлмеде басқа тұрғындардың бөлінген аумағында жүріп тұруына кедергі келтіретін ауқымды заттарды сақтауға жол берілмейді;
 - 13) бөлмелерде тамақ дайындау;
 - 14) құмар ойындарды ұйымдастыру және оларға қатысу;

ЕРЕЖЕ	Студенттер жатақханасының ішкі тәртіп ережелері
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	11 беттің 6-ші парағы

- 15) жалпы пайдалану орындарына, терезелерден және балкондардан қоқыс пен бөгде заттарды тастауға, қоқыспен және тұрмыстық қалдықтармен ластауға;
- 16) жатақхана аумағында әдепсіз (балағат) сөйлеуге тыйым салынады;
- 17) 22: 00-ден кейін бөлмелер мен жалпы пайдалану орындарында топтық мерейтойларға тыйым салынады (туған күндер, т. б);
- 18) 22:00-ден кейін репетиториялар мен бөлмелерде және жалпы пайдалану орындарында дайындық жасауға тыйым салынады;

44. Жатақхана тұрғындарының міндеттері:

- 1) жатақхана бөлмелеріне музыкалық аспаптарына, мүліктерге, сондай-ақ санитариялық-техникалық және өзге де жабдықтарының сақталуын қамтамасыз етуге және оған ұқыпты қарауға міндетті;
- 2) Қауіпсіздік техникасын, санитариялық-гигиеналық қағидаларды, жатақхана заттарын (бұйымдарын) пайдалану шарттары, өрт қауіпсіздігі, санитариялық-техникалық және өзге де жабдықты пайдалану қағидаларын сақтауға міндетті;
- 3) өзінің жатын бөлмелерінде күн сайын ылғалды тазалық жұмыстарын жүргізуге міндетті;
- 4) жатын бөлмелерде ақаулықтар анықталған жағдайда, оларды жою үшін дереу ықтимал шаралар қабылдауға және болған жәйтті жатақхана басшысына немесе тиісті қызметкерлерге хабарлауға міндетті;
- 5) ҚР заңнамасына және тұрғын үйді жалдау туралы жасалған келісім шартқа сәйкес, жатақхана мүлкіне (төсек-орын, жиһаз т.б) келтірілген материалдық шығынды өтеу;
- 6) егер де студент жатақхана бөлмелеріне, санитариялық-техникалық және өзге де жабдықтарға өзінің кінәсінің кесірінен зақым келтірсе, болған шығынды өз есебінен төлеуге міндетті;
- 7) саты торларында, ортақ пайдаланылатын орындарда тазалық пен тәртіпті сақтауға міндетті;
- 8) суды, электр және жылу энергиясын үнемді пайдалану;
- 9) жатақхана әкімшілігінің рұқсатынсыз қосымша электр қыздырғыш құралдарын орнатуға болмайды;
- 10) жатақхана әкімшілігінің (басшысының) талаптарын орындауға міндетті;
- 11) жатақханадан шыққан кезде жатақхананың барлық жабдықтары мен керек-жарақтарын тапсыруға міндетті.

4. ЖАТАҚХАНАДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

45. Жатақханада тұратын студенттік өзін-өзі басқару ұйымының мүшесі – жатақхананың студенттік кеңесі (әрі қарай студ.кеңес), болып саналады және ол тұрғындардың атынан шығатын өкіл бола алады. Жатақхананың студенттік кеңесі бөлмелердің, (блоктардың) жетекшілердің іс-әрекетін реттеп отырады, жатақхананың өз-өзіне қызмет ету бойынша жұмысын ұйымдастырады, жатақхана мен оған қарасты аумақта қоғамдық пайдалы жұмыстарды өз еркімен атқаруға баулиды, жатақхана әкімшілігінің тұрғындарға сеніп тапсырылған материалдық заттарын ұқыпты пайдалануға көмектеседі, мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады.

46. Жатақхана студенттік кеңесі өзінің жұмысын осы Ережеге сүйене отырып жүзеге асырады.

ЕРЕЖЕ	Студенттер жатақханасының ішкі тәртіп ережелері
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	11 беттің 7-ші парағы

5. ЖАТАҚХАНАДА ТҰРАТЫНДАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

47. Консерватория және жатақхана әкімшілігінің ұсынысы бойынша, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, "Жатақхана қызметін қамтамасыз ету бөлімі" және "Консерватория жатақханасындағы студенттік өзін-өзін басқару бөлімі"-нің қадағалауымен, жатақхана тұрғындары тарапынан аталмыш ережені бұзғаны үшін ережеге сәйкес қоғамдық немесе тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін. Жатақхана басшысының және Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес, жатақханадан шығаруға дейінгі тәртіптік жазаны қолдану туралы шешімді, консерваторияның жатақхана жөніндегі комиссиясы қарайды.

48. Консерваторияның студенттік жатақханасында ішкі тәртіп қағидаларын (тұру ережелерін) бұзғаны үшін, жатақханада тұратын білім алушыларға мынадай тәртіптік жазалар қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс немесе қатаң сөгіс, жеке іс құжаты енгізіледі;
- 3) жатақханадағы тұрғын бөлмені жалдау шартын бұза отырып, жатақханадан шығару;
- 4) консерваториядан шығару.

49. Консерваторияның студенттік жатақханасында ішкі тәртіп қағидаларын (тұру ережелерін) бұзғаны үшін жатақхана және консерватория әкімшілігінің ұсынысы бойынша тұрғындарға қоғамдық немесе тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін. ТӘЖ проректоры тарапынан өрескел бұзақыларды ректорға, оқу ісі жөніндегі проректорға, консерваторияның жатақхана жөніндегі комиссиясына аталмыш бұзақыларды әуелі жатақханадан шығару, кейін аса ауыр тәртіп бұзған жағдайда консерваториядан шығару мәселесі ұсынылуы мүмкін.

Өрескел бұзақылардың қатарына жататындар:

- 1) спирттік ішімдіктерді тұтынатын;
- 2) өз бөлмелерін жалға берушілер;
- 3) міндетті тіркеуден бас тартатындар;
- 4) жазбаша ескертусіз екі айдан астам жатақханада болмағандар;
- 5) жатақханада тиым салынған, химиялық қауіпті және жарылғыш заттар, атыс қаруларын сақтайтындар;
- 6) есірткі және психотроптық заттарды тұтынатын және тарататындар;
- 7) бөлмелерін антисанитарлық жағдайда ұстайтындар (3 комиссия актісі);
- 8) берілген бөлмелерін басқа мақсатта пайдаланатындар;
- 9) басқа тұрғындардың қоныстануына кедергі келтіретін, өз еріктерімен орындар мен бөлмелерді пайдаланғандар;
- 10) жатақханаға өз бетінше терезеден кіргендер, немесе кіргізгендер;
- 11) осы ережелерді жүйелі түрде бұзушылар.

ЕРЕЖЕ	Студенттер жатақханасының ішкі тәртіп ережелері
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	11 беттің 8-ші парағы

6. СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНАДА ТҰРАТЫНДАРДЫ ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ.

50. Жатақханадан тұрғындарды шығару консерватория ректорының бұйрығы негізінде келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) Жалға алу келісімшартында көрсетілген жатақханадағы тұрғын жайды жалдау шарттары бұзылған кезде;
- 2) Оқу мерзімі аяқталғанға дейін оқудан шығарылған жағдайда;
- 3) Тұрғындардың жеке өтініші бойынша;
- 4) Осы ережелерді бұзғаны үшін жатақхана мәселелері бойынша комиссияның шешімі бойынша;
- 5) Жалдау шартының қолданылу мерзімі аяқталған кезде;
- 6) Студенттің жатақханада рұқсатсыз ұзақ уақыт болмаған кезде (7 күннен астам).

51. Өз еркімен жатақханада тұруға бас тартқан студенттер жеке өтініші негізінде келесі оқу жылына қайта қоныстануға құқылы.

52. Осы Ережені немесе жатақхана қызметіне қатысты басқа ережелерді бұзғаны үшін «Жатақхана мәселелері бойынша комиссиясы» шешімімен шығарылған студенттерді қайта орналастыру мәселесі комиссия отырысында қаралады. Қайта тіркеуден бас тарту құқығын комиссия мүшелері өздеріне қалдырады.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

54. Осы Ережелер ректор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

55. Осы Ережелер консерваторияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады. Құжатты рұқсатсыз толық немесе ішінара көшіруге жол берілмейді.

56. Осы Ережелерге өзгерістерді тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор, жатақхана бөлімінің басшысы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бас әкімші және заң бөлімі жетекшісімен мақұлдаса отырып енгізіледі.

ЕРЕЖЕ	Студенттер жатақханасының ішкі тәртіп ережелері
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	11 беттің 9-ші парағы

ӨЗГЕРІСТІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

ЕРЕЖЕ	Студенттер жатақханасының ішкі тәртіп ережелері
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	11 беттің 10-ші парағы

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

ЕРЕЖЕ	Студенттер жатақханасының ішкі тәртіп ережелері
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	11 беттің 11-ші парағы